



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

4. Аральское море — причины и последствия вымирания // Сайт Природа. URL: <https://atlaspriodirossii.ru/aralskoe-more-2/> (дата обращения: 25.03.2018).
5. История Аральского моря. // silkroadadventures. URL: <http://silkadv.com/ru/node/710> (дата обращения: 25.03.2018).
6. Основные причины пересыхания Аральского моря // Природа Мира. URL: <https://natworld.info/raznoe-o-prirode/osnovnyye-prichiny-peresyhanija-aralskogo-morja> (дата обращения: 25.03.2018).
7. Аральская экологическая катастрофа // Экологическое движение Узбекистана. URL: <http://eco.uz/ru/biblioteka/poleznaya-literatura/191-aralskaya-ekologicheskaya-katastrofa> (дата обращения: 25.03.2018).
8. Казахстан продолжает спасение Аральского моря // Медиалпортал общественно-политической газеты «Литер». URL: <https://liter.kz/ru/articles/show/42648-kazahstan-prodolzhaet-spasenie-aralskogo-morya> (дата обращения: 29.03.2018).

УДК 341.1/8

## **ҚР АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ, АДАМ ТРАФИГІ, АДАМ САТУ, ЕҢБЕГІН ЗАНСЫЗ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Жармаханбетова Балжан, Еркінбек Айнұр**

Balzhan\_10@mail.ru, yerkinbek.a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің  
Құқықтану мамандығының 3 курс студенттері, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші - Тулепенов Ж.К

Адам дүниеге келген күннен бастап құқыққа ие болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында былай делінген: «Адам құқығы мен бостандығы әркімге тумысынан бастап беріледі, абсолюттілігі мен ажырамастығы мойындалады, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды...».

Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан ҚР Декларациясында жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс. Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы.[1]

Адам саудасы- қазіргі ғылымда теріс адам құқығы деп жіктелетін бұл мәселе бірнеше жүзделген жыл бойы жалғасып келе жатқан, дүние жүзіндегі алып ұйымдар бірлесіп күрессе де, тамыры біржола қиылмай отырған аса ауыр қылмыстың бірі. БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Палерм хаттамасында айтылғандай, адам саудасы дегеніміз- адамдарды пайдалану мақсатында қылмыстық әрекетке тарту, басқа жаққа алып өту, өзгеге беру, жасыру немесе күш көрсету, мәжбүрлеу арқылы ұрлау, алаяқтық жасау, алдау, билікті пайдалану немесе басқа тұлғалардың бақылауындағы адамдарды өтем орнына сату, сауданың жемтігі болған адамның үстінен еркінен тыс мәмілелер жасалып, ол жеке меншіктегі зат не тауарға айналғанды айтамыз.

Құлдық алғашқы қауымдық қоғам ыдырай бастаған кезеңде пайда болды. Құлдықтың классикалық үлгісі ежелгі Вавилонда, Египетте, Грекияда, Римде болды. 5 ғасырдан бастап құл еңбегі маңызын жоя бастады. Алайда, қазіргі таңда адам сату қылмысы миллиардтаған айналыммен іске асып жатыр. Аталмыш жаһандық ХХІ ғасыр проблемасы әлемнің барлықтай дерлік елінде орын алып жатыр. «Ешкім де құлдықта немесе кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес. Құлдық пен құл саудасына, қандай түрде болса да, тыйым салынады. Ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес.» [2]

Еліміз өзінің географиялық және экономикалық жағдайына байланысты, өкінішке орай, адам саудасы құрбандары шыққан, транзит мемлекет болып табылады. Географиялық орналасуы мен экономикалық жағынан дамуына байланысты Қазақстан қалалары мен ауылдық аймақтарына Орта Азиядан еңбек мигранттары ағыла бастады. Ел ішінде миграциялық процестер белсенді жүріп жатыр. Мыңдаған адамдар жұмыс табу мақсатында ауылдық аймақтардан үлкен қалаларға қоныс аударуда. Мемлекеттің бақылауына қарамастан, ішкі және сыртқы еңбек мигранттары адам саудасының құрбаны болып қалуда. Көрші елдердегі саяси ахуал, тұрғылықты жердегі жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің шектеулілігі, азаматтардың адам саудасының тәуекелі туралы ақпараттардың жеткіліксіздігі, арзан жұмыс күшіне артуы мен қылмыстық топтардың белсенді іс-әрекеті секілді көптеген факторлар адам саудасы жүйесіндегі құрбандар санының көбеюіне әсерін тигізіп келеді.

Мәселен, қазір қарапайым туристік фирмалар, жұмысқа шақыратын агенттіктер, тіпті қонақүйлер немесе жас қыздардың арманын орындайтын модельдік агенттіктер, іші жасырын турфирмалар, қонақүйлер, агенттіктер осындай жерде пайда бар деп адамдарды алдап, шетелге жұмысқа шақырып, құжаттарын тартып алып, құқық түгілі сөз айтыуға мұрша бермей, тірі тауар ретінде пайдалады. Мамандар «тірі тауарды» пайдаланудың екі түрі бар екенін айтады, олар- адамның еңбегін пайдалану және физиологиялық параметрлеріне байланысты адамның өзін пайдалану. Алғашқысының құрығына әдетте ер адамдар түссе, екіншісінің құрбаны әйелдер мен балалар болады.

Әлемде 3 минут сайын бір адам хабарсыз кетеді екен. Жылына орта есеппен 2 миллионға жуық адам із-түссіз жоғалады. Ізім-ғайым жоғалып кеткендер біздің елімізде де аз емес. Олар қайда, қандай күйде жүр? Өлі ме, тірі ме? Жер басып жүрсе, іздеушісіне неге бір хабары жетпейді.

Соңғы жылдары Қазақстанда із-түссіз кететіндердің басым бөлігін жастар құрауда. Олардың үйінен кетіп қалу себептері сан алуан. Ер азаматтар көбіне ақша табу мақсатында туған-туыстан ажырап қалса, жоғалып кеткен оқушы қыздар мен студент бойжеткендердің біразы жеңіл жүрістілердің қатарынан табылатыны анықталуда. Мамандар мұндайға көбіне тұрмысы нашар отбасынан шыққан қыздар баратынын алға тартады. Мектеп-интернаттан немесе жетімдер үйінен шығып кетіп, қайта оралмағандар да көп. Сондай-ақ, жүйке жүйесінде ауытқуы бар балалар мен егде жастағылар да хабар-ошарсыздар тізімін толықтыруда. Жарымжан жандардың өзгелерден айырмашылығы – қамқорлыққа зәрулігінде. Ақыл-есін толық білмейтіндері бақылаусыз қалса, бір кесапатқа ұшырап қалуы ғажап емес. Сондықтан оларды іздеу жұмыстары ерекше жүргізіледі.

Із-түссіз кеткендерді іздеумен айналысатын сала мамандары жоғалған адамдарды үйдегі жанжалға байланысты кетіп қалғандар, тәрбиеге мойынсұнғысы келмейтіндер, психикалық ауруға шалдыққандар, жұмыс іздеп кеткендер және қылмыскерлердің құрбаны болғандар деп бірнеше топқа бөледі. Сонымен қатар, тұлғасы танылмаған мәйіттер де хабар-ошарсыздар қатарына жатқызылады.

Өкінішке қарай, соңғы жылдары хабарсыз кеткендердің көбеюіне ғаламтор да себепкер бола бастады. Бүгінгі жастардың басты байланыс құралына айналып отырған әлеуметтік желілердегі хат алмасулардың соңы бір-бірін іздеп сапарға шығуға ұласады. Жастарды былай қойғанда, жасамыстардың да сезімнің жетегіне еріп бара жатқанына куә болып жүрміз. Өткен жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданында үш баланың анасы, қырық жастағы әйел отбасын тастап, ғаламтордағы ғашығын іздеп кеткенін естіп, жағамызды ұстаған едік. Ізім-ғайым жоқ болған әйелді жолдасы іздеп, құзырлы органдарға хабарласқан. Іздеу шаралардың нәтижесінде азаматшаның Түркия елінен бір-ақ шыққаны анықталды. Артынан қимасымен қауышқан әйелдің алдағы өмірін шетелде өткізгісі келетіні, қайта оралмайтыны белгілі болды. Ғаламторда басталған «махаббат хикаясының» осылайша бүгін бір отбасының ойранын шығарды.

2015 жылғы статистикаға сүйенсек, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 198 адам хабар-ошарсыз кеткендер санатында. Бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 14 адамға артқан. Жыл басынан бері облыс бойынша 7 жасөспірім жоғалса, соның алтауы қыз бала.

Бұрнағы жылдардан қалған іздеудегілер саны 107-ге жетсе, қылмыстық іздестірілуде 203 адам тұр. Бұл 2014 жылғы көрсеткіштен 50 адамға артық. Бір қуантарлығы, оларды анықтау жұмысы 2014 жылы 42,6 пайызға орындалса, қой жылында 50,1 пайызға жетті. Ал жоғалған азаматтарды анықтау жұмыстары 41,6 пайыздан 43 пайызға өскен.

Сала мамандарының сөзіне қарағанда, көзден ғайып болғандар көбіне үш күннің ішінде табылады. Егер құзырлы органға келіп түскен ақпараттан соң жоғалған адам үш күнде, жасөспірім болса бір күнде табылмаса оларға ресми түрде іздеу ісі ашылады. Алдымен жоғалған жанның үйінен бастап, жуық арада онымен байланысқан достары, туыстары тексеріледі. Содан соң баруы мүмкін деген жердің барлығы сүзгіден өтеді. Кейде тіпті ауруханалар мен мәйітханаларды да шұғыл қарап шығуға тура келеді. Бүгінде рәсімделген теміржол билеттері арқылы да жоғалғандарды іздестіру мүмкіндігі туып отыр. Тәртіп сақшылары алдағы уақытта мұндай анықтауларды әуежай қатынастарына енгізуді де ұсынып отыр. Және жоғалушының банкіде есеп-шотынан соңғы рет қай уақытта «операция» жасағаны да қаралады. Егер оған қатысты қандай да бір қылмыстық істің белгісі болса, іс міндетті түрде қылмыстық іздестіру бөліміне жөнелтіледі. Қазіргі таңда прокуратура қызметкерлері жоғалғандардың көбісіне қылмыстық іс ашуда. Жалпы, хабар-ошарсыздар он жыл бойы ізделіп, осы аралықта дерек болмаса жоғалғандар тізімінен алынып тасталады. Аты-жөні анықталмаған мәйіттер жайлы да осыны айтуға болады. Еліміздің заң талаптарына сай егер ұшты-күйлі жоқ болып кеткен жаннан бір жыл бойы дерек болмаса сот оны «хабар-ошарсыз», егер ізім-қайым кеткен жаннан үш жыл ішінде мәлімет табылмаса «өлді» деп шешім шығаруға құқылы.

Кейде жоғалған азаматтар табылып, өлдіге жатқызғандардың тірі екені анықталып жатады. Мәселен, жұбайының арызы негізінде сот «өлді» деп жариялаған шымкенттік азаматтың бірнеше жылдан бері Астана қаласында тұрып жатқаны талайды таңғалдырған еді. Ол тіпті зейнетақы төлем орталығына жалақысының 10 пайыздық үлесін аударып отырған.

Қостанайда да адам жоғалу фактілері азаймай тұр. Өткен жылдың көктемінде жоғалып кеткен қыздың денесі Тобыл өзенінен табылды. Құқық қорғау органдары тағы екі жасты іздестіруде. Мамыр айының бас кезінде Сарыкөл ауданында Дмитрий Кожевников деген жас жігіт хабарсыз кеткен. Туыстарының айтуынша, 25 жастағы жігіт ішімдік ішпейді, темекі шекпейді. Үйінен шығып кетіп, сол күйі оралмаған. Одан бірнеше күн бұрын Жітіқара ауданында 17 жасар Нина Стафеева деген қыз бала да ұшты-күйлі жоғалған. Осы аудандағы Чайковский ауылының жас жігіттерімен орманға серуендеуге барған қыз үйіне қайтып оралмады. Жанындағы жігіттердің айтуынша, түн ортасы ауа қыз тобынан бөлініп кеткен.

Алматы облысының Ішкі істер департаментіне де хабар-ошарсыз кеткендер жайлы ақпарат жиі келіп түседі. Сақшылардың іздестіру шараларын жедел қолға алуының арқасында көпшілігі үйлеріне дін аман оралып жатады. Мәселен, 2015 жылдың 13-14 мамырында облыстық ПД өткізген «Қаңғыбас» акциясы кезінде із-түссіз жоғалған 10 адам табылды. Бір тәулік бойы бар күшін хабар-ошарсыз кеткендерді анықтауға жұмылдырған жергілікті полицейлер 2014 жылы және 2015 жылдың басында іздеу салынған 10 адамды тапты. Олардың ішінде 3-еуі кәмелеттік жасқа толмағандар. Шара кезінде Іле аудандық ПБ қызметкерлері үйінен қашып, соңғы 8 ай бойы ОҚО-да жігітімен бірге тұрған 24 жастағы қызды тапты. Ал Қапшағай полицейлері 2015 жылдың 27 сәуірінен бері іздеуде жүрген 15 жастағы қызды ата-анасына қайтарды. Сонымен қатар, тәртіп сақшылары қылмыс жасағаны үшін іздеуде жүрген 5 адамды ұстады.

Өкінішке қарай, туған-туыстары із-түссіз кеткен жақындарының өзімен емес, мәйітімен қауышатын жағдайлар да жиі орын алады. 2015 жылдың 20 қазанында сондай оқиғаның бірі Ақмола облысында тіркелді. 17 қазан күні Еңбекшілдер аудандық ПБ кезекшілік бөліміне 1970 жылғы ер адам хабарласып, Невское аулында тұратын 33 жастағы әйелдің 14 қазан күні ауылдағы жауапкершілігі шектеулі серіктестікке жұмысқа кетіп, қайтып оралмағанын хабарлаған. Іздестіру жұмыстарының нәтижесінде қазанның 20-сы күні аталған әйелдің денесі ауыл маңынан табылды.

Өткен жылдың сәуір айында «Қазатом-өнеркәсіп» қызметкерінің отбасы да 22 қарашада ұшты-күйлі жоғалып кеткен отағасының мәйітін құшты. Соңғы рет таныстары оны Астана қаласының Сауран-Сығанақ көшелерінен түнгі сағат 2.30 шамасында көрген. Ізім-ғайым жоғалып кеткен Әмірбек Молдабековтің денесін арада бас ай өткенде әйелі тауып алды. Tengrinews.kz таратқан ақпаратқа сүйенсек, «Қазатом-өнеркәсіп» қызметкерінің 2014 жылғы 22 қараша күні түнде таксиге отырып кеткеннен кейін ізім-ғайым жоғалуына байланысты «Кісі өлімі» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Іске күдікті ретінде оны сол түні көлігіне мінгізіп әкеткен таксист тартылды. Әйелдің айтуынша, 26 жастағы жүргізушінің қалтасынан күйеуінің ұялы телефоны табылған. Марқұмның жары Күланда Молдабекова 11 сәуір күні істі жүргізуші тергеушіге жолығып, одан таксистің күйеуін қалдырып кеттім деген жерін сұрап білген. Содан соң қасына үлкен қызын ертіп алып, айтылған жерге барған. «Біз қаланың оңтүстік-шығыс ауданына бардық. Бізбен бірге тергеуші мен жаңағы таксист болды. Сол жерден бір құдықты көрдік. Оның түбінде әлдене жатыр екен. Тергеушіні шақырып: «Бұл жатқан адам ба?» деп сұрадық. Ол: «Иә» деп жауап берді де, бізді былай шығарып әкетті. Сосын барлық қызмет түрлері осы жерге жетті. Мен басында барып көруге қорықтым, сосын батылданып барып қарадым. Алынған мәйіт бетін жерге қарата жатқызылған екен. Бірақ мен киіміне қарап, оның күйеуім екенін бірден білдім», – дейді Күланда Молдабекова. Күш көрсету арқылы өлтірілген ер адамның денесі өзінің туған жері – Қызылорда облысының Шиелі ауданына әкетіліп, сонда жер қойнына тапсырылды.

Ең қынжылтатыны – жоғалғандар қатарында бесіктен белі шықпаған балалардың көптігі. Сала мамандары бұл ретте балаларына атүсті қарайтын ата-аналарды кінәлайды. Әсіресе, шомылу маусымында суға батып, бақилық болатындардың басым бөлігін ата-ананың бақылауынсыз қалған балалар мен жеткіншектер құрайды. Ал шет ауылдарда қадағалаусыз қалған балалар тау-тасты кезіп, адасып кетеді. Айдалада ашығып немесе аязда үсіп өлетіндер де көбейіп барады.

Ресми статистика бойынша елімізде жылына 1,5 мыңға жуық бала жоғалады екен. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша іздеу жарияланған балалардың жалпы саны 5000-нан асып жығылған. Бүлдіршіндерімізге қатысты мұндай қорқынышты деректі өткен жылдың көктемінде

«Қазақстанның интернет ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Шавкат Сабыров мырза келтірген еді. Ай-күнінің аمانында балапандарымыздан неге көзден таса қылып алдық?

Балалардың жоғалуы бүгінде Қазақстанның ғана емес, әлем елдерінің көпшілігінде өзекті мәселеге айналған. Халықаралық құқық қорғау ұйымдарының мәліметіне сүйенсек, жыл сайын Еуропа елдерінде – 70 мың бала, АҚШ-та – 1,5 млн. Бала, Ресейде – 15 мыңға жуық бала жоғалады екен. Еліміз халқының саны жөнінен бұл елдерден әлдеқайда төмен сатыда тұрса да, балалар мен жасөспірімдердің жоғалу деңгейі бойынша кем түспейтіні өкінішті-ақ. Жоғалған балалардың жартысы сәті түсіп, аман-есен табылып жатса, кейбірінің мүрдесі табылып, ал кейбірі мүлдем хабар-ошарсыз кететіні алаңдатады.

Бүгінде ата-аналар балаларын бір сәтке болса да, көзден таса қалдырудан қорқатын болды. Мамандар ең алдымен ата-аналарға балаларына өздері қорған болу керектігін, көзден таса етпеуін ескертуде. Жақында ресейлік журналистер жүргізген зерттеу нәтижесі көрсеткендей кез келген бейтаныс адамның аулада ойнап жүрген баланы ертіп кетуі үшін 20-30 секунд жеткілікті екен. Балалардың басым бөлігі тәжірибе кезінде санаулы секундтардың ішінде бейтаныс адамға еріп кете барған. Демек ата-ана аз уақытқа қараусыз қалдырған баласынан мәңгілікке көз жазып қалуы мүмкін.

Полицейлер 2015 жылдың тамызында Павлодар облысында үш тәулік бойы іздеуде болған Темірлан Мұхтаровтың ата-анасына оның өлі денесін әкеп берді емес пе? Жазмыштан озмыш жоқ дейді қазақ, алайда 4 жасар бүлдіршінді өзге жиендерімен бірге шомылуға ертіп барған нағашы ағасы одан көз жазып қалғаны үшін өзін кешіре алар ма екен?

2014 жылдың қарашасында Темірланның Ақтөбеде тұратын тағы бір аттасының мәйіті табылды. Өз үйінің қақпасының алдында ойнап отырған 5 жасар бала аяқ астынан жоқ болып кетіп, оны қаланың жасы мен жасамысы күн құрғатпай бір апта бойы іздеген еді. Бүлдіршіннің өлі денесін Ақтөбе іргесіндегі Келешек ықшам ауданындағы саяжай аумағынан саңырауқұлақ теріп жүрген тұрғындар тауып алған.

Хабар-ошарсыз кеткен адамдардың әлдекімдердің қолына түсіп, еркінен тыс құлдыққа жегілетін жағдайлары да бұл күні құлаққа жиі шалынатын болған. Адам құқықтарын қорғаумен айналысатын қоғамдық ұйымдар Қазақстанда адамдарды ұрлап әкетіп, құлдыққа сату оқиғалары белең алып барады деп дабыл қағып отыр. Алыс шаруа қожалықтарына апарып ақысыз мал бақтыру, еркінен тыс құрылыс жұмыстарын істету, үй шаруасымен, жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу сияқты оқиғалар көбейген. Құқық қорғау органдарының айтуынша, мұндай жағдайларға көбіне балалар үйінен шыққан жастар мен елімізге жұмыс іздеп келген шетел азаматтары, яғни гастарбайтерлер жиі тап болады екен.

Сарапшылардың айтуынша, қазіргі таңда есірткі мен қарудан кейінгі ең өтімді тауар – адам. Халықаралық еңбек ұйымының дерегіне сүйенсек, дүниежүзінде 21 млн. Адам құл ретінде саудаға салынған. Осы істі кәсіп еткен топтар жылына 150 млрд. Доллар табыс табады екен. Қазақстандағы жағдай да маз емес. Соңғы 10 жылда елімізде 1,5 мың адам құлға айналған. Бұл – шілде айында Австрия астанасы Венада өткен адам саудасына қарсы күрес жөніндегі альянстың 15-конференциясында келтірілген дерек.

2002 жылдан бері елімізде тұрақты түрде жұмыс істеп келе жатқан Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым мамандарының пікірінше, Қазақстанның экономикалық даму қарқыны мен географиялық орналасуы адам саудасымен айналысушылар үшін адамдарды алып кету, басқа елдерден алып келу, тасымалдауға аса қолайлы. Әсіресе, әлемдік экономикалық дағдарыстан есеңгіреген Орталық Азияның экономикасы тұрақсыз елдерінен келген азаматтар үшін Қазақстан соңғы нүкте болып отыр. Адам саудасы құрбандарының басым бөлігі Өзбекстаннан келетін көрінеді. Ал Қазақстанның азаматтары көбінесе Ресей, Түркия мен Біріккен Араб Әмірліктеріне жөнелтіледі екен. Жұмыс іздеп, ауылдан қалаларға, облыс орталықтарына ағылған көштің артуы салдарынан ел ішінде де адам саудасына қатысты деректердің көбейгені байқалады. 2014 жылы ішкі істер органдары адам саудасы бойынша 300 қылмыстық іс қозғады. Оның ішінде 20-сы пайдалану мақсатында адам ұрлау, 9-ы пайдалану мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру, 18-і адам саудасы, 13-і кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тарту, 15-і кәмелетке толмағандарды сату, 31-і жезөкшелікпен айналысуға тарту, 212-сі жеңгетайлық және притон ұстағаны үшін жауапқа тартылды.

2015 жылдың статистикасы да көңіл көншітерлік емес. ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның кеңейтілген отырысында ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов келтірген деректерге сүйенсек, қой жылының алғашқы 6 айының өзінде елімізде адам саудасына қатысты 14, кәмелеттік жасқа толмағандарды саудалаудың 32, жұмысқа жегу мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру бойынша 2 және жезөкшелікке салу бойынша 148 қылмыстық іс қозғалған. [3]

Елімізде 2002 жылдан бастап халықаралық ұйым адам саудасымен күрес жөніндегі бағадарламасы жұмыс жасап келеді. Сол ұйымда 2013 жылы адам саудасының 900-ден астам құрбаны реабилитациялық көмек алған.

Әйел, қыздарымыз сексуалдық құлдыққа пайдаланылуы үшін Біріккен Араб Әмірліктері, Түркия секілді елдерге, яғни тек сыртқа ғана әкетіледі деген баршалығында бар, бірақ бұл дұрыс емес. Өз елеміздің ішінде де мұндай адам саудасының құрбанына айналған 153 адам анықталды. Ал бұл қылмысты ұйымдастырушы азаматтар одан жылына 7 миллиард доллар табыс табатын көрінеді. Адам саудасын кәсіп еткендер көбіне еңбекке қабілетті бар ерлер мен репродуктивті жастағы әйелдерді көздейді. Әсіресе 18-25 аралығындағы азаматтарға сұраныс басым. Бұл деректер тек басы ғана. Себебі, құлдыққа тап болдым, құлдыққа болдым деп басым көпшілігі сенім телефондарына хабарласып, құқық қорғау органдарына, осы мәселемен айналысатын ұйымдарға бара бермейді. Оның үстіне бұл



мәжбүрлі қысымнан босау өте қиын, тіпті мүмкіндіктер аз. Осыған қосы адамдар ауыр психологиялық соққы алып, кейін қалыпты тірлікке, қалыпты өмірге үйрене алмай, қайта қалпына келуі қиынға соғады. Тірлікке қайта бейімдеу үшін Қазақстандағы көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның уақытша баспаналары жұмыс жасайды. Қазір мұндай ұйымдар еліміздің тек төрт өңірінде- Астана, Алматы, Көкшетау, Петропавл қалаларында бар. Балалар саудасына келетін болсақ, біздің Үкіметте бала саудасына қарсы күрес ешқандай бағдарламалар жоқ. Бірақ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында бала саудасын болдырмауға «Кәмелетке толмағандарды саудалау» атты бап бар. Онда кәмелетке толмағандарды сатып алу, сатуға, өзгеге беруге, заңсыз ие болу жөніндегі өзге де келісімдерге жауапкершіліктер мен шараларды қарастырады. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, адам саудасында орталық аймақта Қарағанды облысы алда тұрса, кәмелетке толмағандар саудасымен тығыз байланысты 39 фактісі тіркеліп олар Оңтүстік Қазақстан облысы, Алматы облысында орын алған, бұл көрсеткіш екі есеге өсіп отыр. Мемлекеттік қызметкерлердің Оңтүстік өңірінде жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде балаларды заңсыз ауылшаруашылық жұмыстарына салып қоятындығы анықталды.

Қорытындылай келгенде, адам ұрлау, адам саудасы, трафигін алдын алу үшін ҚР Қылмыстық заңнамасына бірқатар заңдар енгізілуі тиіс. Мысалы, Сингапур, Оңтүстік Корея елдерінде адам ұрлағаны үшін өлім жазасына кесіледі. Мүмкін, осы заңдарды қолданысқа енгізсек, адам ұрлау проблемасы азаюы ықтимал еді.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. [Http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001)
2. [Http://www.voxpopuli.kz/kz/main/607-xxi-ghasyr-quldyghy.html](http://www.voxpopuli.kz/kz/main/607-xxi-ghasyr-quldyghy.html)
3. [Https://turkystan.kz/article/9309-alemde-21-mln-adam-kuldyk-kamytyyn-ciip-zhur](https://turkystan.kz/article/9309-alemde-21-mln-adam-kuldyk-kamytyyn-ciip-zhur)

УДК 341.242.5

#### **НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ОГОВОРК К МЕЖДУНАРОДНЫМ ДОГОВОРАМ»**

**Жумабек Акбота Айдосовна**

Zhumabekovabota@mail.ru

Студентка 3-курса, группа мпр-34 юридический факультет, специальность  
международное право, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Научный руководитель - Искакова Ж.Т.

В процессе заключения международных договоров зачастую возникают разногласия между государствами и международными организациями. Прийти к единому мнению, согласованные всеми сторонами договора, бывает крайне сложно. В таких случаях государства и международные организации при заключении международного договора заявляют оговорки.

В современной международной практике стороны договора довольно часто прибегают к заключению оговорки. В первую очередь, выражение оговорки основывается на интересах договаривающихся сторон. В настоящий момент, число оговорки увеличивается, тем самым учащаются проблемы международно-правового характера, которые необходимо разрешать. Этим обусловлена актуальность настоящей статьи.

О важности темы «Оговорки к международным договорам» подтверждает и то, что с момента принятия Генеральной Ассамблеей 9 декабря 1993 г. Резолюции 48/31 начался и продолжается процесс по данной теме в Комиссии международного права ООН и Комиссии по правам человека. На сегодняшний день Специальным докладчиком Комиссии по правам человека было сделано шесть докладов на тему «Оговорки к договору»[1]. Ведется активная работа и на уровне.